

ҚР Ұлттық Банкінде сарапшылармен кезекті кездесу өтті

ҚР Ұлттық Банкінің өкілдері Қазақстанның сараптамалық қоғамдастығымен жүргізіліп жатқан ақша-кредит саясатының құралдарымен байланысты мәселелерді талқылады, сондай-ақ валюта және ақша нарықтарындағы ағымдағы жағдай туралы айтып берді.



Атап айтқанда, талқыланған тақырыптардың бірі пайыздық дәліздің ауқымын $\pm 1\%$ шегінде сақтай отырып базалық пайыздық мөлшерлемені 15%-дан 13%-ға дейін төмендету болды. Енді өтімділікті беру операциялары бойынша мөлшерлемелер 14%-ды, өтімділікті алу операциялары бойынша 12%-ды құрайды.

Қаржы реттеушісі өкілдерінің айтуынша, базалық мөлшерлемені төмендету туралы шешімге сыртқы, сол сияқты ішкі факторлар да әсер етті.



Монетарлық операциялар департаментінің директоры Әлия Молдабекова хабарлағандай, қазіргі уақытта депозиттердің долларсыздану процесіне байланысты банк жүйесінде өтімділіктің артық ұсынысы байқалады. «Ұлттық Банк артық өтімділікті алу операцияларын жүргізуде» - деп атап өтті ол.

Өз кезегінде, Зерттеулер және статистика департаментінің директоры Виталий Тутушкин сарапшылармен 2016 және 2017 жылдарға арналған инфляция болжамдарымен бөлісті. Мәселен, жылдық инфляция 2016 жылдың соңына қарай біркелкі мәндерге жетеді және 8%-дан төмен болады. 2017 жылы оның деңгейі сондай-ақ 6-8% дәліз шегінде болады.

Кездесу барысында айтылған мәселелер сарапшылар тарапынан үлкен қызығушылық туғызды, олар талқылауға белсене қатысты.



Сарапшылар ҚРҰБ-ның осы іс-шараларды жүргізудегі бастамасының пайдалы әрі уақтылы екендігін, ал сарапшылармен кездесулердің реттеушіге тікелей сұрақтар қою және тиісті түсініктемелер алу мүмкіндігі пайда болған өзіндік сұхбат беру алаңына айналғанын атап өтті. Сарапшылар сондай-ақ осындай іс-шаралардың болашақта да жалғасын табатынына тілектерін білдірді.

Бұл іс-шараны Ұлттық Банк тұрақты негізде қаржы реттеушісінің нарықпен және қоғамдастықпен белсенді коммуникациялар саясатының шеңберінде жүргізіп жатқанын еске сала кетейік. Базалық мөлшерлеме бойынша келесі шешім 2016 жылғы 15 тамызда Астананың уақыты бойынша 17.00-сағатта жария етілетін болады.